Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 31 қазан № 4712-24-00-2/3909 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ИП Ерманова» басшысы Ерманова Гулжамила Абдуллаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ИП Ерманова» басшысы Ерманова Гулжамила Абдуллаевнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ИП Ерманова» басшысы Ерманова Гулжамила Абдуллаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ИП Ерманова» басшысы Ерманова Гулжамила Абдуллаевнадан мемлекет пайдасына 589 999 (бес жүз сексен тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 19 545 (он тоғыз мың бес жүз қырық бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 31.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.12.2024, судья Аташева А. О., 17.12.2024
4712-24-3-1/3576

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 31.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.12.2024, судья Аташева А. О., 17.12.2024

4712-24-3-1/3576